

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Ашуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	27.03-31.03.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Наурыз айында болатын ертеңгіліктер мен мерекелік кештер туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын (подоконник) дымқыл шүберекпен сүрту.	бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	салуға көмектесу.
	"Киіз басу" рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз.	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын маған ұнайды, Көп ойнауға болмайды. Күні бойы доп қусаң, Ақыл-білім қонбайды. (көркем әдебиет) "Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды	Жапсырудан ойын-жаттығу "Еркежан әжейдің әдемі орамалы". Мақсат-міндеттер. Балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру.	Көркем сөзді мәнерлеп оқу (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: өлең жолдарын мәнерлеп оқуға бейімдеу; есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үйге мықты қабырға керек, Адамға жылы үй керек. Жылы үйде тоңбайсың, Ойнайсың да ұйықтайсың. Көп шаруа тындырасың Қонақты да шақырасың.	"Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, таппақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)

	Г. Кужагулова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно- карточкалар. (танымдық дағдылар)		(көркем әдебиет) "Суретті жина" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт- алты бөлікке бөлінген суреттер. (танымдық дағдылар)	Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдырмақтармен). 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдар екі жақта. 3.1. Аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).				

	4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Сылдырмақтарды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. (сөйлеуді дамыту)	"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстармен ажырата білу, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	"Өз үйіңді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.

		мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балаларды өз таңдауын түсіндіруге шақырады.	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)	арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек.	(сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!" Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеуді үйрету.	Дене шынықтыру "Өнерлі балалармыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту.	Музыка "Киелі домбыра". Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақтың киелі аспабы домбыра туралы түсініктерін кеңейту; музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттерін дамыту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін	Дене шынықтыру "Аттап секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту; оқу қызметін пысықтау.	Қазақ тілі «Бұл менің отбасым». Отбасы мүшелері. Мақсат-міндеттер. «Отбасы» тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі мәтінді тыңдауды және түсінуді, шежіреде отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ, еркелетіп атау формаларын айтуды, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдауды үйретуді

			сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру.		аяқтау. Суреттер мен жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, қазақ тілін есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту. Монологтық сөйлеуді, диалогқа түсе білу дағдыларын, ойлау қабілеттерін, еске сақтауын дамытып, жайдары көңіл күйлерін танытуды үйрету. Отбасына, жақындарына деген жылулық сезіміне баулып, ересек адамдарға құрмет білдіруге тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған	Көктем мезгілінің белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)

	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын	дамыту) Мақсат-міндеттер: көктем мезгілінің белгілерін бақылауды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Өз жолыңды тап". (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды өздерінің еңбек дағдыларын қолдана білуге үйрету, құрдастарына көмектесуге деген ұмтылысты ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге	дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.	дамыту) Мақсат-міндеттер: бақылау дағдыларын дамыту; сыпырушының жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Өз жұмысыңды тап". (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кегльдерді соқ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакцияның жылдамдығын	Мақсат-міндеттер: балалардың шыршаның құрылымына тән белгілері, оны басқа ағаштардан ажырататын белгілері бойынша тану қабілетін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, жұмысты аяқтауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгіріп өт". (дене шынықтыру)
--	---	--	---	--	---

	әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Құып жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.	жаттықтыру, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.	дамыту. Балалардың алып шыққан ойыншықтарымен өзіндік әрекеттері.	Мақсат-міндеттер: серуендеу кезінде балалардың дене белсенділігін арттыру; ұқыптылықты, ептілікті, төзімділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: ұзын арқаннан секіруді жақсарту. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Асықтарды санайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың "саны	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қаз-қаз, бөпем!" Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бас орамал оюлары". Мақсат-міндеттер. Баланы шаршы пішінінің	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Тәй-тәй басып келеміз" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға «тұсау	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Төрт түлік". Мақсат-міндеттер. Балалардың төрт түлік малдың ерекше

	көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру.	бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру.	бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету.	кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру.	белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс	Сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Қазақ халқы" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Көркем сөзді мәнердеп оқу. Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді). Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру. - Күнім, айым, Еркетайым,	"Қонақтарды қарсы алу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: қонақтарды қарсы алу туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың рөл таңдаудағы талпыныстарын құптау, ойын ортасын жетіспейтін	"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі

		Жата ғой, қозым. Әлди, бөпем, Әлди, бөпем, Ұйықта, жұм көзіңді. Бәу-бәу, бөпем, Бәу-бәу, бөпем, Әлди, әлди-ай! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	оятү. (көркем әдебиет)	мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)	Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.	Наурыз айында болатын мерекелер жайлы әңгімелесу және ақылдасу.	Балалардың балабақшадағы оқу үлгерімі жайлы әңгімелесу.	Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата- аналармен жеке әңгімелер.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".

Тексерген: Бекишева М.А. 